

"Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидаларын, Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 23 қарашадағы № 108 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 52 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 22457 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 4-4) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 2-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидаларын, Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 23 қарашадағы № 108 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21731 болып тіркелген, 2020 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес қағаз тасымалдағышта

не "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы "жеке кабинетке" жіберген кезде нәтиженің алынған күні мен уақыты көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратуды қабылдау туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде ақпараттандыру автоматты режимде жаңартылып тұрады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде ұсынылған құжаттарды олардың Қағидалардың 4 және 5-тармақтарының, Стандарттың 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларының талаптарына сәйкес болу мәніне қарайды, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы бұйрықтың жобасын не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруден дәлелді бас тартуды дайындап, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қарауына жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы бұйрықтың жобасына не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы тиісті шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиямен қоса, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы хабарламаны не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда лицензияның электрондық көшірмесімен қоса микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны беру туралы хабарлама не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу Заңның 14-бабының 2-тармағында, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 33 және 34-баптарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіптен жүргізіледі.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Лицензияның қолданысын тоқтату туралы көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде өтініш жасау көрсетілетін қызметті алушы мынадай шарттарды орындаған кезде жүргізіледі:

1) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсыну;

2) көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерінің болмауы.";

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жазылсын;

осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарында және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінде:

1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуы	Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген, бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуы туралы мәліметтер.
Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініште көрсетілген, бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуы туралы мәліметтер.	

";

7-жол алып тасталсын;

10, 11 және 12-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

М ы н а д а й :	Басшы қызметкерлерде алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауын растайтын құжаттар (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін). Көрсетілген құжаттарды беру күні өтінішті беру күнінің алдындағы 3 (үш)
1) мінсіз іскерлік беделі жоқ;) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда
2) бұрын, уәкілетті орган банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын, төлемге қабілетсіз банктер, Қазақстан	

Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары санатына жатқызу, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға не соттың қаржы ұйымын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда соттың Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы органының басшысы, бас бухгалтері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшысының орынбасары, қаржы ұйымының жеке тұлға – ірі қатысушысы, заңды тұлға – ірі қатысушысының (банк холдингінің) басшысы болып табылған;

3) осы және (немесе) өзге қаржы ұйымында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім қайтарып алынған;

4) тағайындалған (сайланған) күнге дейін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін өкімшілік жазаға тартылған жеке тұлға басшы қызметкер бола алмайды.

оларды қолданудың өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыс үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында оларға қатысты көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растама азаматтық елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің мемлекеттік органның хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі.

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.

Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта

	ресімдеу туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.
<p>1. Бірде-бір тұлға дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп микроқаржы ұйымының жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін не Қазақстан Республикасында орналастырылған акцияларын тікелей немесе жанама түрде иелене және (немесе) иелене және (немесе) оларға пайдалана алады, егер ол:</p> <p>1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға болып табылса;</p> <p>2) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін офшорлық аймақтарда тіркеуі, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар болса;</p> <p>3) "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша уәкілетті орган осы микроқаржы ұйымын микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) не басшы қызметкері бұрын микроқаржы ұйымының бірінші басшысы немесе құрылтайшысы (қатысушысы) болған заңды тұлға болып табылса;</p> <p>4) бұрын, уәкілетті орган банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын, төлемге қабілетсіз банктерп, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары санатына жатқызу, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға не соттың қаржы ұйымын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге не Қазақстан Республикасының</p>	<p>Құрылтайшыларда (қатысушыларда, акционерлерде) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауын растайтын құжаттар (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін). Көрсетілген құжаттарды беру күні өтінішті беру күнінің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда оларды қолданудың өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыс үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында оларға қатысты көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растама азаматтық елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің</p>

	<p>заңнамасында белгіленген жағдайларда соттың Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының жеке тұлға – ірі қатысушысы не заңды тұлға – ірі қатысушысының (банк холдингінің) бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшысы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшысының орынбасары болып табылған.</p> <p>2. Микроқаржы ұйымының ірі қатысушысы микроқаржы ұйымының атқарушы органының басшысы лауазымына тағайындала (сайлана) алмайды.</p>	<p>мемлекеттік органның хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі.</p> <p>Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.</p> <p>Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.</p>
12	<p>Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай ақпараттық жүйеге қосу туралы талаптарды орындау</p>	<p>Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.</p> <p>Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.</p>

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі*

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі*

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын
реттеу және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 52 Қаулыға
1-қосымша
Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
1-қосымша

"Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

--	--	--

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал), көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген күннен бастап: микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі - лицензия) беру кезінде - 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні ішінде; микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 30 (отыз) жұмыс күнінен к е ш і к т і р м е й ; лицензияның телнұсқасын беру кезінде - 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған) және қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	Лицензияны, лицензияның телнұсқасын беру, лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Лицензиялық алымдар : 1) лицензия бергені үшін 30 (отыз) айлық есептік көрсеткішті құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны бергені үшін мөлшерлеменің 10 (он) п а й ы з ы н құ р а й д ы ; 3) лицензияны телнұсқасын бергені үшін лицензияны бергені үшін мөлшерлеменің 100 (жүз) п а й ы з ы н құ р а й д ы . Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер, бейрезидент-банктердің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол емес нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

7. Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі - Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
	<p>Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін порталға жүгінген кезде:</p> <p>1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы электрондық өтініш;</p> <p>2) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.</p> <p>Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады: көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына жарна ретінде ақшаның банк шотына есепке жатқызылғанын растайтын және лицензия алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген екінші деңгейдегі банктің құжаты (оның ішінде клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірме) не бастапқы бухгалтерлік құжаттар немесе қаржылық есептілік не шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімі не бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы берген одан үзінді-көшірме;</p> <p>3) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерінің сақталуы туралы мәліметтер (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);</p> <p>4) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>5) жарғының электрондық көшірмесі;</p> <p>6) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ломбард үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер (ломбардтар үшін) (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);</p>

7) басшы қызметкерлерді, ішкі бақылау қызметінің қызметкерлерін (бар болса) жалдауды және (немесе) тағайындауды (сайлауды) растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

8) микрокредиттер беру қағидаларының электрондық көшірмесі;

9) басшы қызметкерлер мен құрылтайшылардың (қатысушылардың, акционерлердің) жеке басын куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін);

10) басшы қызметкерде жоғары білімінің болуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

Шет тілде ұсынылған құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес нотариат куәландырады;

11) басшы қызметкерлер мен құрылтайшылардың (қатысушылардың, акционерлердің) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) .

Көрсетілген құжаттарды беру күні өтінішті беру күнінің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда оларды қолданудың өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыс үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында оларға қатысты көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растама азаматтық елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің мемлекеттік органның хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтінішті беру күнінің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда оларды қолданудың өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыс үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында оларға қатысты көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растама азаматтық елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің мемлекеттік органның хатымен көрсетілетін қызметті алушының атына жіберіледі.

12) филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелердің электрондық көшірмелері (олар бар болса) .

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш;

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

- 2) жарғылық капиталдың ең аз мөлшерінің төленгенін растайтын құжат көшірмесі; Жарғылық капиталдың ең аз мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттар ретінде мына құжаттар ұсынылады: көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына жарна ретінде банктік шотқа ақша аударымын растайтын және бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы берген лицензияға не бастапқы бухгалтерлік құжаттарға не қаржылық есептілікке не шаруашылық серіктестікке қатысушылардың тізіліміне не одан үзінді көшірмені алуға жүгінген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген екінші деңгейдегі банктің құжаты (оның ішінде клиенттің банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме);
- 3) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең аз мөлшерінің сақталуы туралы мәліметтер;
- 4) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) жарғының көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған көшірмесі);
- 6) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ломбард үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер (ломбардтар үшін);
- 7) басшы қызметкерлерді, ішкі бақылау қызметінің қызметкерлерін (бар болса) жалдауды және (немесе) тағайындауды (сайлауды) растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 8) микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесі;
- 9) басшы қызметкерлер мен құрылтайшылардың (қатысушылардың, акционерлердің) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін);
- 10) басшы қызметкерде жоғары білімінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері.
- Шет тілде ұсынылған құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес нотариат куәландырады ;
- 11) басшы қызметкерлер мен құрылтайшылардың (қатысушылардың, акционерлердің) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжаттар (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін); Көрсетілген құжаттарды беру күні өтінішті беру күнінің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда оларды қолданудың өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыс үшін алынбаған

немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында оларға қатысты көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растама азаматтық елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің мемлекеттік органның хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі

12) филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелердің нотариат куәландырған көшірмелері (олар бар болса).

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде:

1) лицензияның телнұсқасын алу туралы еркін нысанда жазылған өтініш;

2) лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер алдында берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) порталға жүгінген кезде:

1) лицензияның телнұсқасын алу туралы еркін нысанда жазылған электрондық өтініш ;

2) лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) порталға жүгінген кезде:

1) лицензияның телнұсқасын алу туралы еркін нысанда жазылған электрондық өтініш ;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда , лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі .

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін порталға жүгінген кезде :

1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы электрондық өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталын ұлғайтуға әкеп соғатын орналасқан жері өзгерген, қызмет түрі өзгерген, қайта ұйымдастырылған жағдайларда Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы электрондық өтініш;

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда , лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда,

лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;
5) орналасқан жерін өзгерту жарғылық капиталды ұлғайтуға әкеп соққан жағдайда, осы қаулыға 2-қосымшаның 3 және 4-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;
6) қызмет түрі өзгерген; көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері .

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде:

- 1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталын ұлғайтуға әкеп соғатын орналасқан жері өзгерген, қызмет түрі өзгерген, қайта ұйымдастырылған жағдайларда Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметін жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;
- 3) лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі ;
- 4) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері;
- 5) орналасқан жерін өзгерту жарғылық капиталды ұлғайтуға әкеп соққан жағдайда, осы қаулыға 2-қосымшаның 3 және 4-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 6) қызмет түрі өзгерген; көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Лицензия беруден бас тарту үшін негіздері:

- 1) ұсынылған құжаттардың Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ осы құжаттарда көрсетілуге жататын дәйексіз мәліметтер мен ақпарат беру ;
- 2) егер көрсетілетін қызметті алушы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап 6 (алты) ай ішінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу туралы өтінішпен жүгінбесе ;
- 3) "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңның (бұдан әрі - Заң) 11, 12, 13-баптарында және 14-бабының 5 және 6-тармақтарында, 14-1-бабының 3-тармағында белгіленген талаптардың бірін сақтамау ;
- 4) Заңның 31-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік қайта тіркеу мерзімін

9.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> <p>с а қ т а м а у ;</p> <p>5) микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш берген кезде Заңның 31-бабының 2-1-тармағында белгіленген мерзімді сақтамауы;</p> <p>6) егер қызмет көрсету мәні қаржылық қызметтерді көрсету болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы үшін қызметтің түрімен айналысуға Заңмен тыйым салынса ;</p> <p>7) лицензиялық алым енгізілмесе;</p> <p>8) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;</p> <p>9) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың лицензиялауға жататын қызметті тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса;</p> <p>10) сот орындаушысы ұсынымының негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беруге уақытша тыйым салса;</p> <p>11) лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленсе.</p> <p>Лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер:</p> <p>1) Стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда ;</p> <p>2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген негіздер.</p>
10	<p>Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p>

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 52 Қаулыға
2-қосымша
Микроқаржылық қызметті

лицензиялау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының атауы)

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын:

(микроқаржылық қызметтің түрі)

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі

(бар болса) (телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта адресі,

интернет-ресурс)

2. Жарияланған акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні (акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар үшін) және көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының мөлшері

3. Көрсетілетін қызметті алушының қатысушылары (акционерлері) туралы мәліметтер:

1) _____;

(жеке тұлға – қатысушының (акционердің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болса), заңды тұлға – қатысушының (акционердің) атауы, сондай-ақ бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2) жеке тұлғаның өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы туралы мәліметтер _____ ;

3) тіркелуі, тұрғылықты тұратын жері немесе орналасқан жері туралы мәліметтер _____ ;

(елі, индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй, офис нөмірі)

4) тізбесі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20095 болып тіркелген) "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін офшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 қаулысымен белгіленген офшорлық аймақтарда тіркеуі, тұрғылықты жері немесе орналасқан жерінің болуы туралы мәліметтер

_____ ; иә (жоқ)

5) бұрын құрылтайшы (акционер, қатысушы) не көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлға қатысушысының (акционерінің) басшы қызметкері "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы Заңының 16-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын осы ұйымды микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айыру туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшысы (қатысушысы) немесе бірінші басшысы болған не болмағаны туралы мәліметтер

_____ ;

иә (жоқ)

6) көрсетілетін қызметті алушының қатысушысы (акционері) дауыс беруші акциялардың он немесе одан көп пайызына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) тура және (немесе) жанама иелік ететін заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

_____ (атауы, орналасқан жері, қызметінің түрі және заңды

тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы деректер)

(иелік ету: тура және (немесе) жанама, заңды тұлғаның қатысушыға (акционерге) тиесілі дауыс беруші акциялары санының ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі)

7) көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы туралы мәліметтер:

жеке тұлға – ірі қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса),

заңды тұлға – ірі қатысушының атауы

көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталдағы қатысу үлесі немесе дауыс беруші акциялары (артықшылықты қоспағанда)

8) уәкілетті орган банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалын төлем жасауға қабілетсіз банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдары санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басшы қызметкері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшы орынбасары және (немесе) ірі қатысушысы - жеке тұлға не ірі қатысушысы - заңды тұлғаның бірінші басшысы болғандығы туралы мәліметтер

4. Көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлері туралы мәліметтер:

1) _____;

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы)

2) жалпы мәліметтер:

Туған күні және жері
Азаматтығы
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі

;

3) білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломының деректемелері (күні және нөмірі (бар болса))
1	2	3	4	5

;

4) жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) туралы мәліметтер (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың басшы қызметкерлері бойынша толтырылмайды):

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастары	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

;

5) көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы немесе акцияларына иелік етуі туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан орны	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкеріне тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

;

б) еңбек қызметі туралы мәліметтер (қаржы ұйымындағы, банк және (немесе) сақтандыру холдингіндегі лауазымды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері ретінде еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезеңді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органындағы мүшелігі), оның ішінде жоғары оқу орнын аяқтаған сәттен бастап көрсетіледі):

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Жұмыстан шығарылу, лауазымынан босатылу себептері	Жетекшілік ететін бөлімшелер, негізгі функционалдық міндеттер
1	2	3	4	5	6

7) көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері бұрын уәкілетті орган банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалын төлем жасауға қабілетсіз банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдары санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкелген қаржы ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейінгі бір жылдан аспайтын кезеңде басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшы орынбасары және ірі қатысушы - жеке тұлға не қаржы ұйымының ірі қатысушысы - заңды тұлғаның бірінші басшысы болғандығы туралы мәліметтер

(қаржы ұйымының атауы, лауазымы,

_____;

жұмыс кезеңі)

8) басшы қызметкерден осы және (немесе) өзге қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң осы және (немесе) басқа филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерi филиалының басшы қызметкерi лауазымына тағайындауға (сайлауға) келiсiмi қайтарып алынды ма

_____;

иә (жоқ)

9) көрсетiлетiн қызметтi алушының басшы қызметкерi тағайындалған (сайланған) күнге дейiн сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшiн жауапкершiлiкке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшiн әкiмшiлiк жауапкершiлiкке тартылды ма:

иә(жоқ)

жауапкершiлiкке тарту негiздерiн көрсете отырып,

_____;

құқық бұзушылықтың, қылмыстың, сот шешiмiнiң қысқаша сипаттамасы

10) бұдан бұрын, қатарынан төрт және одан да көп кезең iшiнде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзi бойынша дефолтқа жол берiлген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөнiндегi берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерiн құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негiзгi борышты төлеу бойынша дефолт мөлшерi төлеу күнiне республикалық бюджет туралы заңда белгiленген айлық есептiк көрсеткiштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органының басшысы, мүшесi, бас бухгалтерi, iрi қатысушысының (iрi акционерiнiң) - заңды тұлғасының - эмитенттiң iрi қатысушы (iрi акционерi) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органының басшысы, мүшесi, бас бухгалтерi болған-болмағандығы туралы мәлiметтер

(иә (жоқ), қаржы ұйымның атауын,

_____;

лауазымын, жұмыс iстеген кезеңiн көрсету)

11) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының бар екендігі туралы мәліметтер _____
_____;

12) басшы қызметкерге қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымына орналасу және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің бар екендігі туралы мәліметтер

_____.

5. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйеге қосылу туралы талап орындалды ма

_____.

иә (жоқ)

6. Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені орнату бойынша талап орындалды ма

_____.

иә (жоқ)

7. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналар және парақтар саны:

_____.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қоса берілетін құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін және толықтығын растайды.
Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып).

_____.

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңба) (күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту Агенттігінің
Басқармасының

2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 52 Қаулыға
3-қосымша
Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

**Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның толық атауы
Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия**

Лицензия нөмірі _____ Берілген күні " ____ " _____ жыл

(микроқаржы ұйымның, кредиттік серіктестіктің, ломбардтың атауы)

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйдің, офистің нөмірі)

Осы лицензия мынадай микроқаржылық қызметті жүзеге асыру құқығын береді:

(микроқаржылық қызметтің түрі)

Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңба)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 52 Қаулыға
4-қосымша
Микроқаржылық қызметті

лицензиялау қағидаларына
4-1-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының атауы)

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеуді сұраймын

(лицензияны қайта ресімдеу себебі көрсетілсін)

1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия туралы деректер

(нөмірі, берілген күні, лицензия берген

мемлекеттік органның атауы)

2. Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі, бизнес-

сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

(телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта адресі, интернет-ресурс)

2. Жарияланған акциялар шығарылым мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні (акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар үшін) және көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының мөлшері

_____.

3. Көрсетілетін қызметті алушының қатысушылары (акционерлері) туралы мәліметтер:

1) _____;

(жеке тұлға – қатысушының (акционердің) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлға – қатысушының (акционердің) атауы, сондай-ақ бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы туралы мәліметтер

_____;

3) тіркелуі, тұрғылықты тұратын жері немесе орналасқан жері туралы мәліметтер

_____;

(елі, индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй, офис нөмірі)

4) тізбесі "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін офшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 қаулысымен белгіленген тіркелуінің, тұрғылықты тұратын жерінің немесе офшорлық аймақтарда орналасқан жерінің болуы туралы мәліметтер (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20095 болып тіркелген)

_____;

иә (жоқ)

5) көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлға қатысушысының (акционерінің) құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) не басшы қызметкері бұрын "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы Заңының 16-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын осы ұйымды микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айыру туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның, кредиттік серіктестіктің, ломбардтың құрылтайшысы (қатысушысы) немесе бірінші басшысы болған не болмағаны туралы мәліметтер _____

_____;
иә (жоқ)

б) көрсетілетін қызметті алушының қатысушысы (акционері) дауыс беруші акциялардың он немесе одан көп пайызына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) тікелей және (немесе) жанама иелік ететін заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

_____;
(иелік ету: тікелей және (немесе) жанама, заңды тұлғаның қатысушыға (акционерге) тиесілі дауыс беруші акциялары санының ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі)

7) көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы туралы мәліметтер:

_____;
заңды тұлға ірі қатысушының атауы

8) бұрын, уәкілетті орган банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын, төлемге қабілетсіз банктер , Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары санатына жатқызу, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға не соттың қаржы ұйымын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда соттың Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі

филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының жеке тұлға – ірі қатысушысы не заңды тұлға – ірі қатысушысының бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшысы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшысының орынбасары болғаны не болып табылатындығы туралы мәліметтер

4. Көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлері туралы мәліметтер:

1) _____;

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болса), лауазымы)

2) жалпы мәліметтер:

Туған күні және жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі	

;

3) білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломының деректемелері (күні және нөмірі (бар болса))
1	2	3	4	5

;

4) жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары) туралы мәліметтер (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың басшы қызметкерлері бойынша толтырылмайды:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастары	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

;

5) көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы немесе акцияларына иелік етуі туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан орны	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкеріне тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

;

6) еңбек қызметі туралы мәліметтер (қаржы ұйымындағы, банк және (немесе) сақтандыру холдингіндегі лауазымды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері ретінде еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезеңді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органындағы мүшелігі), оның ішінде жоғары оқу орнын аяқтаған сәттен бастап көрсетіледі):

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Жұмыстан шығарылу, лауазымынан босатылу себептері	Жетекшілік ететін бөлімшелер, негізгі функционалдық міндеттер
1	2	3	4	5	6

;

7) бұрын, уәкілетті орган банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын, төлемге қабілетсіз банктер , Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерiнiң филиалдары санатына жатқызу, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерiнiң филиалын оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға не соттың қаржы ұйымын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда соттың Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енгізілгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде

қаржы ұйымының басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы органының басшысы, бас бухгалтері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшысының орынбасары, қаржы ұйымының жеке тұлға – ірі қатысушысы, заңды тұлға – ірі қатысушысының (банк холдингінің) басшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер

(қаржы ұйымының атауы, лауазымы,

_____ ;
жұмыс кезеңі)

8) осы және (немесе) өзге қаржы ұйымында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім қайтарып алынған

_____ ;
иә (жоқ)

9) тағайындалған (сайланған) күнге дейін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартылған жеке тұлға басшы қызметкер бола алмайды

_____ ;
иә (жоқ)

_____ ;
жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып

_____ ;
құқық бұзушылықтың, қылмыстың, сот шешімінің қысқаша сипаттамасы

10) қатарынан төрт және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешегінің сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолттың мөлшері республикалық бюджет туралы заңда төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асып түсетін соманы құрайтын

дефолтқа жол берген бұрын қаржы ұйымының атқарушы органының басшысы, мүшесі, басқарма басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, ірі қатысушы (ірі акционер) – заңды тұлға – эмитенттің атқарушы органының басшысы, мүшесі, басқарма басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған адам

иә (жоқ), (қаржы ұйымының атауы,

_____);
лауазымы, жұмыс кезеңі)

11) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының бар екендігі туралы мәліметтер _____

_____);
12) басшы қызметкерге қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымына орналасу және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің бар екендігі туралы мәліметтер

_____.

5. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйеге қосылу туралы талап орындалды ма

_____.

иә (жоқ)

6. Бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені белгілеу бойынша талап орындалды ма

_____.

иә (жоқ)

7. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналар және парақтар саны:

_____.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қоса берілетін құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін және толықтығын растайды.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып).

_____ (қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңба) _____ (күні)

8. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналар және парақтар саны _____

_____ Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қоса берілетін құжаттардың дәйектілігін растайды.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып).

_____ (қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңба) _____ (күні)